



ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫ  
ҚАЗАҚСТАН

Тәуелсіздіктің құқықтық негіздері елдегі қоғамдық тәртіп, бейбіт өмір, жеке адамның қауіпсіздігі мен тыныштығы, меншіктің қорғалуы және тағы басқа да тәртіп мәселелерінің сақталуы құқық қорғау органдарының иығына жүктелген негізгі міндет. Бұл міндеттерді орындау сандық есеппен емес, ең алдымен сапалық көрсеткіштермен айқындалуға тиіс. Ал, осы орайда азаматтардың қауіпсіздігі мен тыныштығы, еліміздегі қылмыстың жай-күйі мен криминалендік жағдайдың деңгейі құқық қорғау саласы қызметінің тиімділігіне тікелей байланысты болмақ. Тәуелсіз мемлекеттің тағдыры, оның ертеңі, болашағы, қазақ ұлтының өркениетті әлемге тұрақты өз орнын иемденуге деген ынтасы жылдан жылға күшейіп, өткен кезеңде жақсы көрініс тапты.

Мемлекетіміздің өркендеуі, дамуы, гүлденуі болашақ білімді жастарды қажет етеді, жаңа замандағы ғылымның жетістігінен толық хабардар олар мемлекетіміздің көш бастаушысы, ілгерілетушісі болып қалыптасуы керек. Міне, сонда ғана Тәуелсіз Қазақстан асқақ арманы мен мұратына жетері анық. Өркениетті елдерде тәжірибе

Тәуелсіздіктің құқықтық негіздері

ТӘУЕЛСІЗДІК - ТӘҢІРДІҢ СЫЙЫ

алмасу, шет елдерде білім алу, оны жетілдіру мемлекетіміздің дамуының тетігі. Мемлекет нысанының толыққанды өмір сүруіне ат салысуымыз керек.

Құқықтық мемлекетті қалыптастыруымыз қажет. Мемлекетіміздің рәміздерін, заңдарын сақтап, құрметтеуге міндеттіміз. Көп ұлтты тәуелсіз мемлекеттілікті нығайту - бүгінгі сала бағытымыз, ашық та айқын мақсатымыз, саясатымыз, мұның өзі ұлтымыздың мүддесін қорғаудан ауытқу деген сөз емес. Көп ұлтты Қазақстан қазақтың тарихи, ежелгі топырағында шаңырақ көтеріп отырған бірден-бір мемлекет болғандықтан, ол қазақтардың ұлттық, түбегейлі мүдделерін қорғауға, қастерлеуге міндетті. Осы қажеттіліктің өзі оны XX ғасырдың соңында дүниеге қайта оралып, өмірге әкеліп отырғаны белгілі.

Тәуелсіздік - ұлттық тілдің, дәстүрдің, салт-сананың мызғымас тірегі, күші, алтын дінгеі. Тәуелсіздік - ең алдымен қазақ халқының бостандыққа ұмтылған асқақ армандары мен қайсар рухының жемісі. Сондықтан да, біз үшін Тәуелсіздік күні - ең қастерлі күн. Тәуелсіз Қазақстан Республикасы 30 жылдан аса халықаралық аренада өзге елдермен керегесі тең демократиялық, зайырлы, құқықтық және

әлеуметтік мемлекет ретінде өзін орнықтырды, оның ең қымбат қазынасы - адам және оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары.

1994 жылы еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін бірден аяққа қаз тұрып кетпегеніміз бәрімізге аян. Әлемге беймәлім елдің болашағы бұлыңғырлау көрінгені де рас. Бірақ, халқымыз еш уақытта мойыған жоқ. Елбасы айтпақшы, «Тәуелсіздік алған тұста бұрынғы Кеңес Одағының соңында қалған республика болатынбыз. Экономикамыз әлсіз, қолда бар өндірістер мен зауыттар өбден ескірген. Мұғалімдер мен дәрігерлерге жалақы, зейнеткерлерге зейнетақы тауып берудің өзі қияметтің қиыны болатын». Десе де, қиын-қыстау шақтарды артта қалдырып, дамудың даңғыл жолына түстік.

Елбасының ұдайы қамқорлығының арқасында отандық сот жүйесі де халықаралық стандарттарға сай дамып келеді. Ғаламдық бәсекеге қабілеттілік индексінің «Соттардың тәуелсіздігі» индикаторы бойынша Қазақстанның рейтингісі жыл сайын жақсаруда. Бүгінгі бейбіт те шуақты күндерді бағалай отырып, жаңа биіктерге ұмтылу - біздің буынның бағыты болуы тиіс.

А.АБДЫКАМАЛОВ,  
Шет аудандық сотының төрағасы.

Сақ жүрсен, сау жүресің



ИНДЕТТІ ЖЕҢУ - ӨЗ ҚОЛЫМЫЗДА

Әлемді жайлаған пандемия басталғалы қаншама адам дүниеден өтті. Өлі де ауырып жатқандар бар. Жаман індет кезінде тек санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды сақтау ғана аурудан құтқармайды, оған баса көңіл бөлген абзал. Баршамыз ауруды жеңу үшін жаппай вакцина алғанымыз дұрыс дер едім.

Қазақта «Аузы күйген үрлеп ішеді» дейді. Әлеуметтік желілерде адамдардың шаңырағында болып жатқан қайғылы хабарларды күн сайын оқып, қабырғамыз қайысуда. Біреуі ата-анасынан, жолдасынан, баласынан, жұбайынан айдың күннің аманында айырылып жатыр. Мына індеттің кесірінен жақынынан айырылмаған адам жоқ шығар, сірә. Осының бәрін көре, ести, біле отыра, жайбарақат қонаққа барып, өзі де той жасап жатқандарды еш түсіне алмаймыз.

«Жақынына жанашыр бол!» деген ұранға әркім өз үлесін қосып, бәріміз жұмылып жұдырық болып, елдігімізді, бірлігімізді көрсетуіміз керек. Сондықтан онсыз да қиындыққа тап болып отырған ел басында жүрген адамдарға демеу болар сөз айтудың орнына біз қазір «жау жағадан алғанда бөрі етектен аладының» керін келтірмейік.

Әлеуметтік желіні ашудың өзі қазір тіпті де қорқынышты. Осындай бірігіп, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығаратын уақытта бір - бірімізге ауыр сөз айтпаған абзал. Ең алдымен, өз басыңызды қатерге тігіп, көпшілік шоғырланған жерге, той-томалаққа, жаназаға, садақастарға бармай, өзінді шектеуің керек. Өзіңізге жаныңыз ашымаса да, басыңызға қатер төнсе, үйде аңырап қалатын ата-анаңызды, қанырап қалатын шаңырағыңызды ойлауыңыз керек. Үйіңізде қалған бала-шағаға да қауіп төндірмеу керек. Яғни, аса бір қауырт шаруа болмаса, сыртқа көп шықпаған дұрыс. Осындай талапқа бой ұсынудың салдарынан індетті бірлесіп жеңуге мүмкіндік бар. Ол әрине бірінші кезекте вакцина алу керек дер едім.

Бұндай басымызға түскен қиыншылық сонымен бірге біздің тұтас өмірге деген көзқарасымызға өзгеріс енгізді, біз жақындарымызды қадірлеуді үйрендік, уақыттың, денсаулықтың қадірін түсіндік. Сондықтан осындай құндылықтарымызды сақтауға тырысып, өзімізге, жақындарымызға жанашыр болайық дегім келеді.

Думан ЖАКУПОВ,  
Төменгі Қайрақты ауылдық округінің әкімі.

Көне жәдігер ізімен



ТӨС - ҰСТАЛЫҚ ҚҰРАЛ



Төс - металдарды қолмен еркін соғып өндегенде қолданылатын тұрақты ұсталық тіреуіш құрал. Бұл болаттан жасалған шомбал құйма. Әдетте ағаштан жасалған тапал тіреуге бекітіледі. Төс - ұстаның түрлі металды қыздырып немесе құрғақтай өндейтін негізгі құралы. Төстің алдыңғы сүйірлене біткен жағы - тұмсығы, оған қарсы жағы - дүмі, үстіңгі жағы - беті, екі жақтауы - қапталы деп аталады. Төстің беті суғарылған асыл болып келеді. Тұмсығының түбінде, яғни төстің желке тұсында темір кесуге арналған жасық жері, сондай-ақ, дүм жағындағы бетінде бір дөңгелек және бір төрт бұрышты тесіктері бар. Дөңгелек

тесігіне салып әртүрлі кесу жұмыстары атқарылады. Темір ұстасы көбіне жұмысты тұрып істейді. Сондықтан жұмыс кезінде белі ауырмау үшін әрі балға соғуға ыңғайлы болу үшін төстің бетіне тиіп тұратындай деңгейде орнатылады. Ал, төрт бұрыш-

ты тесікке түрлі көмекші құралдар сұғылады. Материалы: шойын. Сақталуы жақсы. Ұсталық құрал - тесті музейге Шет ауданының тұрғыны Теміров Сәрсен әкеліп тапсырған болатын.

Өз тілшімізден.

ВАКЦИНА АЛЫП, ЖАҚЫНДАРЫМЫЗҒА ЖАНАШЫР БОЛАЙЫҚ



ВАКЦИНАЦИЯҒА ҚАНША УАҚЫТ ҚАЖЕТ?

10 минут  
ЕКПЕ АЛУДЫҢ АЛДЫНДА ДӘРІГЕРДІҢ ҚАРАП-ТЕКСЕРУІ КЕРЕК

15 минут  
ПРЕПАРАТТЫ ДАЙЫНДАУ. ВАКЦИНА МҰЗДАТЫЛҒАН КҮЙДЕ САҚАЛАТЫНДЫҚТАН, ПРЕПАРАТТЫ ПРОЦЕДУРА АЛДЫНДА ЕРІТУ КЕРЕК

30 минут  
ЕКПЕ САЛҒАННАН КЕЙІН БАҚЫЛАУ. СІЗ ЕКІ ЕКПЕ ТУРАЛЫ БЕЛГІСІ БАР - ВАКЦИНАЦИЯЛАУ КҮНІ, ВАКЦИНА АТАУЫ КӨРСЕТІЛГЕН ЖӘНЕ ДӘРІГЕРДІҢ ҚОЛЫ ҚОЙЫЛҒАН АТАУЛЫ СЕРТИФИКАТ АЛАСЫЗ

kazInform

# 30

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫ  
ҚАЗАҚСТАН

Тәуелсіздік - тұғырың

## ТӘУЕЛСІЗДІК ЕЛІМНІҢ ЕРКІН ЖОЛЫ

Сәл тарихқа шегініс жасар болсақ, 1991 жылғы 1 желтоқсанда алғаш рет жалпыхалықтық сайлау өтіп, егемен Қазақстанның негізін салушы Нұрсұлтан Назарбаев тұңғыш рет Президент болып сайланды. Бұл жаңа мемлекет қалыптасуының өтпелі кезеңінде сенімді басшыға өз тағдырын тапсырған Қазақстан халқының жауапты таңдауы еді. Шын мәнінде, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың салиқалы саясатының арқасында тәуелсіз Қазақ елі қалыптасып, тарихымыз түгенделіп, тіліміз, дініміз қайта оралып, мемлекетіміздің ұлттық рәміздері қабылданды.

Жақында Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналып Талды ауылдық кітапханасында мерекеге орай қатаң санитарлық талаптарды сақтай отырып, «Тәуелсіздік еліміздің еркін жолы» атты кітап көрмесі және «Тәуелсіздік төңірінің сыйы» тақырыбында тарихи сағат өткізілді.



Кітапханамызда еліміздің Тәуелсіздік алған сәттен бастап бүгінге дейінгі жүріп өткен жолы туралы, еңбектері және тәуелсіздік жылдарында баспадан шыққан әдебиет туындыларымен қамтылған кітап көрмесі жасалып, қонақтарымызға таныстырылды.

Шараға қатысып отырған оқушылар Тәуелсіздік, Отан, Елбасы туралы ойларын айтып, тәтті тарту ретінде жыр шумақтарын арнады. Тәрбие сағатының мақсаты да балаларға жалпы Отан деген не, біз қандай мемлекетте тұрып жатырмыз, елбасымыз

қандай адам, сонымен қоса олардың бойларында патриоттық сезімді ояту болатын. Оқушылар топқа бөлініп жұмыс жасай отырып, өздеріне берілген міндетті толық орындай алды. Тәуелсіздік мерекесінің соңында оқушылардың өнерін тамашалаған көпшілік ризашылық білдіріп, игі тілектерін жеткізді.

Алтынай  
САДУАҚАСОВА,  
Талды ауылының  
кітапханашысы.



Тіл - елімнің тірегі

## ӨЗГЕ ТІЛДІҢ БӘРІН БІЛ, ӨЗ ТІЛІҢДІ ҚҰРМЕТТЕ

Тіл - мемлекеттің тұғырлы тірегі, халықтың рухани байлығы, өткені мен болашағының айқын көрінісі. Ана тілінің қадір-қасиетін біле білген халқымыз оны ұлттың рухына, қазына байлығына балайды. Себебі, тіл - халықтың жаны, сөні, тұтастай кескін-келбеті, ұлттық болмысы. Адамды мұратқа жеткізетін - ана тілі мен ата дәстүрі. Біздің осындай халықтық қасиетті мұрамыз, ана тіліміз - қазақ тілі. Тілді өркендету - баршаның ісі. Тіл - тек қарым - қатынас құралы емес, ұлттымыздың биік тұғыры. Бұл ретте біздің мемлекетіміздің тілге деген жанажылығы басым. Елбасы жыл сайынғы халыққа жолдауында да басым бағыттарының бірі - мемлекеттік тілді жан-жақты дамытуға басты назарда ұстап келеді.

Қоғамда қазақ тілінің мемлекеттік дәрежесін нығайту еліміздің саясатының басты басымдығы болып қала береді. Қоғамда, мемлекеттік қолдау мүмкіндігі жоғары салаларда қазақ тілінің қолданыс аясы едәуір кеңейіп келе жатыр деп айтуға толық негіз бар. Қазіргі қоғамымызда жастардың белсенділігі жоғары. Жастарға баса назар аудару арқылы тіл саясатын жүргізу мол жемісін береді деп ойлаймын. Еліміз тәуелсіздік алғалы бері төл тіліміз мемлекеттік мәртебеге ие болып, қолданыс өрісі кеңейді. Қазіргі таңда өнер, әдебиет, мәдениет, баспасөз, радио, теледидарымыз 90 - жылдарға қарағанда әлдеқайда «қазақша сайрап тұр» десек болады. Бұл біздің мемлекеттік тіліміздің мәртебесінің асқақтағаны, Бұл осы уақытқа дейін барлық мүмкін болар оңды - солды жағдайды жете бағамдай отырып жүргізілген мемлекеттік тіл саясатының нәтижесі.

Тіл мен егемендік егіз ұғым. Тілсіз - тәуелсіздік, егемендіксіз - тіл болмақ емес. Тіл-тәуелсіздіктің қуатты тірегі, бірлік пен ынтымақтың жығылмас туы. Қазақ елі тәуелсіз мемлекет болып орнағалы ширек ғасырға таяу уақыт болды. Мемлекеттік тілі - қазақ тілі деп жарияланды. Бұл тұста Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Қазақтың болашағы - қазақ тілінде», - деп алдымызға

айқын жол ашып берді. Бізге тек осы ұстанымды жүзеге асыруға бар күш-жігерді аямай, еңбек ету ғана қалды. Тәуелсіз Қазақстанның болашағы біз, яғни, қазақ жастары. Демек, біздің міндетіміз - қазақ тілінің мәртебесін асыру болмақ. Осы тұста Елбасының «Қазақпен қазақ қазақша сөйлессін», - деген ұлағатты сөзін ескермей кету мүмкін емес. Тәуелсіздік алғалы бері тіл саясаты жүргізілуде. Мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту мен тілге деген құрметті арттыру мақсатында көптеген мемлекеттік бағдарламалар мен іс-шаралар ұйымдастырылуда. Нәтижелері де аз емес. Ана тілі-ананың ақ сүтімен өр қазақ баласының бойына сіңген тіл емеспе еді. Ана тіліміз арқылы ғана біз халқымызды, Отанымызды танып білеміз. Өр адамның азаматтық қасиеті - өз халқын, өзінің атамекенін қалай сүйімен, өз ана тілін қалай білуімен өлшенбек. Өркімнің тілге деген құрметін өз анасына, өз ұлтына, өз Отанына деген құрметінен білуге болады. Өз ана тілін ұмытқан адам - өз халқының өткенінен де, болашағынан да қол үзеді. Осыны қазақ жастары түсінсе екен деймін. «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте», - дейді Қадыр ақын.

Қазіргі қоғам басқа тілді үйренуге еш шек қоймайды. Дегенмен, қазақ тілін мемлекеттік тіл дәрежесіне көтеруге өр қазақтың үлесі болса екен дейді. Қазіргі жаһандану кезеңінде еліміздің ақпараттық кеңістігін әлемдік стандарттарға сай кеңейте отырып, мемлекеттік тілді ұлттық қауыпсіздіктің маңызды бір нысаны ретінде жетілдіруді және қорғауды қамтамасыз еткеніміз абзал.

Қазақстандағы тіл саясатының көпұлтты мемлекетіміздің тұрақты дамуына ізгілікті қызмет етіп отырғандығы қуантады. Сонымен бірге өр ұлт өкілдерінің қазақ тілін білуге талпынуы қуантатын жағдай. Өзгенің құлы емес өз еліміздің ұлқызы болайық, өзгенің емес, өз еліміздің тілін ұлықтап, мәртебесін асырайық.

Мақпал ЕРКЕБЕКОВА,  
әкімдік маманы,  
Ақжал кенті.

*Ана тілі қайнаған қанның, қиналған жанның, толғантқан көңілдің, лүпілдеген жүректің сығындысы, онда дәм де, мән де болу керек.*

Сұлтанмахмұт  
Торайғыров.

Жазғы мектеп

## ҮЙРМЕНИҢ ҮЙРЕТЕРІ КӨП



Тәуелсіз еліміздің дамуы мен келешегіне сәйкес келетін әлеуметтік экономикалық өзгерістер, бүкіл еліміз бойынша әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру саясатының жүзеге асырылуы алдымызға үлкен міндеттер қойып отыр. Қазіргі таңда оқушыларды үйірмелерге, топтық, жұптық, жеке жұмыстар, танымдық, ізденуші, зерттеу бағытындағы жұмыстарға, ғылыми сипаттағы жұмыстарға баулу және оқушының білімі мен іскерлік дағдыларын жетілдіру білімнің негізгі талабына айналып отыр.

«Жазғы мектеп» аясында музейдегі үйірмеге қатысатын мектеп оқушыларының өз қолымен салған суреттерінен «Дала бояулары» көрмесі өткізілуде. Көрменің мақсаты-кішкентай суретшілерді өз туындыларында қоршаған әлемді, туған жерінің табиға-

тың, оның сұлулығын, әсемдігін сүюге баулу. Асыл өнерлерін бейнелеу өнерімен ұштастыра білуге үйрету және де өсіп келе жатқан ұрпақтың шығармашылық қабілетін көтеру болып табылады. Сонымен қатар, көрмеге Қазақстандық танымал суретші Көріпбек Күйіковтың шығармалары

жинағы кітабы және белгілі суретші, ұстаз Хақаш Манайдың «Табиғат» туындысы» көрмеден орын алды. Көрмені тамашалауға кішкентай көрермендер, демалыста жүрген мектеп оқушылары қызығушылық танытып, ат салыса келіп қатысуда.

Адамзатқа төңірден берілген табиғат қоры қадіріне жетіп, қызғыштай қорғағанда ғана баянды бақ болмақ. Бақшамыз - байлығымыз, бұл ретте ел байлығын еселейміз десек, бірінші кезекте оқушыларымызға табиғатты аялауды, қоршаған ортамызды таза ұстауға сол кезде табиғаттың бізге берері мол екендігін түсіндіру болып табылады.

Бархыт БАЯМАНОВА,  
музей қызметкері.





10 тамыз - Абай күні

## ЖАСТЫҚТЫҢ ОТЫ, ҚАЙДАСЫҢ

Махаббат, қызық кім көрер,  
Оның да дәмін татпаса?  
Біржола басты кім берер,  
Жаныңа қайғы батпаса.  
Аямай жанын дос ерер,  
Жолдастықты ақтаса.  
Алдына айдап кім келер,  
Ерінбей жүріп бақпаса.



Мал бақпақтық шаруа боп,  
Адал тауып асықпай.  
Құр айғаймен әуре боп,  
Өнердің жайын баса ұқпай.

Енді нені істейміз,  
Бәрінен де бос қалдық?  
"Ауызға келіп түс" дейміз,  
Қылып жүріп құр салдық

### Абай Құнанбаев

Жастықтың оты, қайдасын,  
Жүректі түртіп қозғамай?  
Ғылымның біліп пайдасын,  
Дүниенің көркін болжамай?

Адамның тауып айласын,  
Кісілікті ойламай.  
Қаруын көңіл сайласын,  
Қолға ол түспес бойламай.

## БІЗГЕ АБАЙДЫҢ ТӘЛІМ БЕРУ ӘДІСІ ҚАЖЕТ

Бүгінде жалпы білім беру саласында шәкірттерге тәлім берудің шарттары мен талаптары күшейіп келеді. Осындай үрдіс арнайы діни оқу орындарында медресе колледждерінде де байқалуда. Бұл құптарлық әрі қуанарлық жағдай. Дегенмен, мұнда әлі де классикалық оқыту әдістерімен бірге қазіргі заман тәлім беру әдіс-тәсілдері көптеп енгізіліп, оқытудың заманауи құралдарын тиімді пайдалана білсек, ұтарымыз көп.

Мысалы, заманға сай оқытудың әдіс-тәсілдері кейс, тренинг, вебинар, жағдаяттық мәселе (ситуационный вопрос), видеолекция, студенттерді шағын топтарға бөліп жұмыс жасау және т.б. Бұл оқыту әдістерінің барлығының мақсаты - шәкіртті, студентті жан-жақты дамыту. Оның дүниетанымын кеңейтіп, аяқ астынан туындаған мәселенің шешімін тез табуға бейімдеу, ойлау қабілетін күшейту, оның өмбебапты білімін жетілдіру, тапқырлық, шешендік секілді қабілеттерін дамыту сол сияқты т.б.

Әрине, ұстаз аталмыш тәлім берудің жаңа әдіс-тәсілдерін діни пәннің мәні мен мазмұнына сәйкес қолданбақ. Алдымыздағы шәкірт қатаң қағидаттарды жаттап алумен ғана шектелмеуі қажет. Ол оларды өмірде, жамағат ортасында, халық алдында шеберлікпен қазіргі өмірмен сабақтастырып бере білуі талап қылынады.

Себебі олар келешек имамдар. Оларға жамағат тарапынан түрлі сұрақ келері даусыз. Ол үшін дәріс барысында көне кітаптарда айтылатын орта ғасырдың мысалдарын емес, бүгінгі қоғамдағы, өмірлік жағдаяттармен керек болса медициналық мәселелермен ұштастырып отыру шарт. Оңды нәтижеге жету үшін жоғарыда аталған қазіргі заман тәлім беру әдіс-тәсілдерін тиісінше пайдаланып отырған жөн. Бастысы, шәкірттің дүниетанымын, ойлау қабілетін, тапқырлық пен зеректік қасиеттерін дамытуға көңіл бөлінуі керек.

Осы орайда дана Абайдан аларымыз әлі де көп деген ойға

келемін. Мысалы, Абайдың баласы Әбішпен болған «Ақ зат асыл ма, қара зат асыл ма?» деген әңгімесін алайық. Мұнда ақын Абайдың жай ғана әңгіме арқылы ақыл-ойды дамыту, шешім қабылдауға үйрету, айтқан пікірінді негіздеуге дағдыландыру сияқты қабілеттерді шеберлікпен дамытып отырғанын байқаймыз. Сонымен:

«Наушабай дейтін кісі жол жүріп келе жатып, Абайдың үйіне түсіпті. Жайғасып отырған соң, ол:

- Абайжан, өзіңе асыл сөз, алғыр ой тауып айтқан кісі болды ма? - деп сұрапты.

Абай сәл ойлап отырпты да:

- Менің Әбдірахман деген балам бар еді. Оны тоғыз жасында Семейдегі орыс мектебіне оқуға бердім. Оны бітірген соң, Петерборға жібердім. Қыс оқып, жаз демалысқа үйге келді. Сұрастырып байқасам, оқуы жақсы көрінеді. Баламның алымдылығын сынап білейін деп ойладым да, бір күні жай әңгімелесіп отырпты:

- Қалқам Әбіш, осы әлемдегі жаратылыста ақ зат асыл ма, қара зат асыл ма? - деп сұраған едім.

Ол іркілместен:

- Ақ зат асыл ғой, - деді.

- Неге, қара зат асыл емес пе? - дедім мен.

Әбіш бетіме қарап күлді де: - Қараны қалай асыл дейсіз? - деді.

Мен:

- Біріншіден, адам баласы барлық дүниедегі жаратылысты көзбен көреді емес пе, - дедім.

- Бірақ көздің ағы көрмейді, ортасындағы кішкене қарашығы ғана көреді. Қараның асылдығына осы дәлел. Екіншіден, қағаз ақ, одан адам оқып білім ала алмайды, үстіне жазған қарасиядан өнер-білім алады. Үшіншіден, жас шақта адамның сақал-шашы қара болады. Осыған байланысты жас күнде адамда ақыл, білім, қайрат көп болады. Қартайғанда шаш-сақал ағарады. Ал, адамда ақыл, білім, қайрат та азаяды. Сондықтан ақтан қараны асыл ма деп ойлаймын, - дедім.

Сонда Әбіш:

-Оның бәрін қалай білдіңіз? - деді.

- Ақылмен білдім, - дедім мен.


- Олай болса, ақыл мида болмай ма, ал ми ақ зат емес пе! Екіншіден, ақыл - нұр, жарық зат. О да аққа ұқсамай ма? - деді.

Мен баламның тауып айтқан сөзіне риза болып, мандайынан иіскедім».

Дана Абайдың баласы Әбішке «Ақ зат асыл ма, қара зат асыл ма?» деп қойған бір сұрақтың арқасында қанша пайдалы мәлімет алдық: «ақ заттың» қарадан артықшылығы, ақ түстің қара түстен асыл екендігі. Мұнда «ақ» деп отырғанымыз - адамның ақылы, парасаттылығы. Ал ақыл білім-ғылыммен қоректенеді. Ертедегі шығармаларда ғалымдар ақыл деп білімді мензейтін болған. Ақылды адам оқиды, шоқиды, тәлімге жақын тұрады. Оның бойындағы білімі басқаларға шырақ болып, жарық түсіреді.

Сонымен қатар бұл сұрақ Әбіштің парасаттылығын көрсетті. «Ақыл жастан» демекші, Әбіш өзінің жастығына қарамастан ақылының өткір екенін байқатты. Демек, тәлім беруде шәкіртке жас деп қарамай, теңмен сөйлескендей мәміле жасауға тиіспіз. Сондай-ақ, тәлім беруде бір жақтылық қана емес, қарама-қарсы (шәкіртпен) пікір алмасу, оның ойын білу, айтқан сөзін негіздеуге шақыру, шәкіртпен тең сөйлесу, диалог құру, ой қорыту, ойды дұрыс жеткізу, қателікті мойындау, түйіндеме жасау, жаттап алған ережені өмірде қолдана білу, сияқты тағы басқа да оқыту әдістерінің маңызын зерделеген болдық. Аталған бұл дүниелер тәлім беру жолында әлі де өзектілігін жоғалтқан жоқ.

Өз тілшімізден.



Сақтанған қапы қалмайды

## СУҒА ТҮСУ КЕЗІНДЕ ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАУ МІНДЕТ

Су - тіршілік көзі. Ол болмаса адамзаттың өмір сүруі мүмкін емес екенін де білеміз. Сонымен қатар, ата-бабаларымыздың от пен су - тілсіз жау деген ескертулерін есімізден шығармауымыз керек. Төтенше жағдайлар бөлімі жергілікті жерлерде судағы қауіпсіздікті сақтау, арнайы суға түсуге белгіленбеген орындарда суға түспеу, ата-аналардың жаз маусымында балаларын қадағалаусыз қалдырмау жөніндегі жүргізіліп жатқан ескертпе, үгіт-насихат жұмыстары жүргізіліп жатқанымен кейбір адамдардың балаларын жалғыз жарым өзендерге жіберіп жатады. Бұл әрине өте қауіпті.

Суда шомылудың қауіпсіздік шараларын қатаң сақтау ең бірінші міндет. Алдымен жалпы жағдайда судың тазалығын, тереңдігін мұқият тексеріп, тамақ ішкеннен кейін бірден шомылуға болмайтынын естен шығармау керек. Суға шомылуға барған әр адам тек қана рұқсат етілген орындар мен жағажайларда шомылу керек. Тағы бір ескертетін жағдай

- Ішімдік ішкен жағдайда суға түспеніз;

- жүрек ауруымен ауыратын адамдар суға түспеніздер, өйткені суға түсу кезінде қосымша қорқыныштар пайда болады;

- қатты толқын кезінде суға түспеу;

- үлкендердің қарауынсыз балаларды суға шомылуға жібермеу;

- камерадан басқа талапқа сай келмейтін құралдармен суға түспеу;

- салқын суда ұзақ болмау, суда ұзақ болу денені салқындатады;

- қауіпті жағдай туралы хабар естігенде суға батқан адам есінен айырылса, оны бір қолынан ұстап, беті суға батпас үшін иегінен көтере отыра жағаға апарып, адамның ішіндегі суын жедел шығарып, оның есін кіргізуге әрекет етіңіз;

- ауыздың, мұрынның қуыстарын саусақпен құмнан немесе балшықтан тазартыңыз;

- тілді сыртқа шығарып оны осы жағдайда біраз уақыт жібермей ұстай тұру қажет;

- зардап шегушінің аяғын бүгіп, басы кеуде клеткасынан төмендеу болатындай етіп, екпіннен жатқызып, су тыныс алу органдарынан шыққанда, екі жауырының арасынан қатты қысу керек;

- тыныс жолдары мен асқазан судан босағаннан кейін жасанды дем алдыруға тырысу керек;

- өз бетінше дем алудың алғашқы белгілері байқалған бойда, жасанды дем алуды тоқтатып, мүсәтір спиритін иіскету керек

Қазір жаз мезгілі. Ал жаздың сәні-суға түсу. Күннің ыстығында бір сергіп, суға шомылған жақсы-ақ.

Алайда, суға түсудің соны қайғылы жағдайға душар ететінін қаперден шығармау керек дер едім.

Судағы апаттан қорғандың ең сенімді жолы-суда шомылу ережелері мен қауіпсіздік шараларын қатаң сақтау.

Еркебұлан САПАРОВ,  
Шет ауданы ТЖБ-нің  
аға инженері, азаматтық  
қорғау капитаны.



қоршау белгілерінен тысқары аумаққа бармау керектігін естен шығармаған абзал.

Қарағанды облысының су айдындарында 2021 жылдың суға шомылу кезеңінің басынан бастап 2021 жылдың 12-ші тамызына дейінгі аралықта өз күштерін бағаламау, мас күйінде суға шомылу, балаларды ересектердің қарауынсыз қалдыру және жабдықталмаған жерлерде суға шомылу себептерінен 15 адам суға батып кеткен, оның ішінде 2 бала. Барлық жағдайлар жабдықталмаған және рұқсат етілмеген жерлерде болған.

Аудан аумағындағы су айдындарына суға түсушілерге төмендегідей ережелерді сақтауларын сұраймыз:

- суға шомылатын арнайы орынды дұрыс таңдай біліңіз;

- суға түсуге болмайтын белгіден аспаңыз, тыйым салынған жерлерге шомылмаңыз және суда жүрген моторлы кемелерге жақын жүзбеңіз. Бұл сіздің өміріңізге өте қауіпті;

- Ата-аналар балаларға қамқорлық жасап, суға шомылу кезінде балаларды қараусыз қалдырмаңыз;

## Гендерлік саясат

ӘКІМШІЛІК РӘСІМДІК - ПРОЦЕСТІК КОДЕКСТЕ  
СОТТЫҢ БЕЛСЕНДІ РӨЛІ

Соттың белсенді рөлі  
Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің (ӘРПК) 16-бабының 1-бөлігіне қатысты соттың бастамасы бойынша әкімшілік істің мән-жайларын толық зерттеу талабы әкімшілік органдар қызметінің заңдылығы қағидатына сай келетіндігінде.

Жариялы-құқықтық даулар билік пен әкімшілік органдар мен азаматтар арасындағы бағыну қатынастарына негізделгенін ескере отырып, соттың қызмет борышы жөніндегі мұндай міндеті осы органдардың әкімшілік актілерінің (іс-қимылдарының) заңдылығын тексеруге қоғамдық (жария) мүдденің болуынан туындайды.

Сондықтан әкімшілік сот әкімшілік процеске қатысушылардың дәлелдерімен байланысты емес және шектелмейді, бірақ өзі іс бойынша барлық жағдайларды толық зерттеуді қамтамасыз етуге міндетті.

Соттың белсенді рөлінің қағидаты әкімшілік сот ісін жүргізудің аса маңызды қағидаты болып табылады.

Әкімшілік процесс пен азаматтық процесстің маңызды айырмашылығы-азаматтық процессте-дәлелдемелерді жинау мен ұсынуды Тараптар жүзеге асырады және сот ұсынылған дәлелдемелерді қараумен шектеледі.

Әкімшілік - сот істі дұрыс шешу үшін барлық қажетті құжаттарды талап ету

мүмкіндігіне ие бола отырып, дәлелдемелер жинау туралы бастама көтереді.

Сот талап қоярда жіберілген формальды қателерді жоюға жәрдемдеседі, азаматтарға түсініксіз талап қоюлар түсіндіріледі және нақтыланады.

Сот әкімшілік процеске қатысушылардың түсініктемелерімен, мәлімдемелерімен, өтініш хаттарымен, олар ұсынған дәлелдермен, дәлелдемелермен және әкімшілік істің өзге де материалдарымен шектелмей, әкімшілік істі дұрыс шешу үшін маңызы бар барлық нақты мән-жайларды жан-жақты, толық және объективті зерттейді.

Судья әкімшілік істің нақты және (немесе) заңды тараптарына қатысты құқықтық негіздемелер бойынша өзінің алдын ала құқықтық пікірін айтуға құқылы.

“Судья әкімшілік істің нақты және (немесе) заңды тараптарына қатысты құқықтық негіздер бойынша өзінің алдын ала құқықтық пікірін айтуға құқылы. Сот өз бастамасы немесе әкімшілік процеске қатысушылардың уәжді өтінішхаты бойынша қосымша материалдар мен дәлелдемелер жинайды, сондай-ақ, әкімшілік сот ісін жүргізу міндеттерін шешуге бағытталған өзге де әрекеттерді орындайды.

Жалпы, әкімшілік-аумақтық бөліністі қабылдау құқықтық мемлекет идеясына сәйкес мемлекет пен қоғам

арасындағы қатынастардың жаңа сатысына, заңның үстемдігін қамтамасыз ету жөніндегі маңызды қадамға айналатынын, сондай-ақ, елдің инвестициялық климатына жағымды әсер ететінін атап өтеміз.

Әкімшілік процесстің азаматтық процесстен ең басты айырмашылығы - соттың белсенді рөліне қатысты. Енді судья тараптар ұсынған дәлелдермен шектеліп қалмайды. Өзі байқап, көріп отырған құқықтық салдарды жойып, өз бастамасымен жаңа анықтама, құжат, дәлелдер сұрата алады. Енді кодекске сәйкес дәлелдеу міндеті даулы актіні шығарған немесе қабылдаған мемлекеттік органға жүктеліп отыр.

Сот өз бастамасы немесе әкімшілік процеске қатысушылардың уәжді өтінішхаты бойынша қосымша материалдар мен дәлелдемелер жинайды, сондай-ақ, әкімшілік сот ісін жүргізу міндеттерін шешуге бағытталған өзге де әрекеттерді орындайды.

Соттың белсенді рөлі мыналарды қамтиды:

- егер тараптар ұсынған дәлелдемелер жеткіліксіз болса, дәлелдемелерді өз бастамасы бойынша талап ету;
- тараптарды татуластыруға шаралар қабылдау болып табылады.

**С.СӘКЕНОВ,**  
Шет ауданының №2  
аудандық сотының  
төрағасы.

Парақорлық - қауіпті  
кеселЖЕМҚОРЛЫҚҚА  
ҚАРСЫ САНА  
ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Қазіргі өлемде сыбайлас жемқорлық кез-келген қоғамда, кез-келген мемлекетте орын алады. Оның толық жоқтығын мәлімдейтін елдер іс жүзінде жоқ. Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлық қазіргі кезеңдегі басты ерекшелігі - халықаралық сипат.

Өлемнің барлық мемлекеттері «сыбайлас жемқорлық» сияқты зұлымдықпен бетпебет келеді. Сонымен қатар, қазіргі жағдайда сыбайлас жемқорлық біртіндеп ішкі проблемадан жаһандық проблемаға айналууда. Қазір барлық елдер, соның ішінде ең озық елдер, жаңа сын-тегеуріндерді ескере отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің өз модельдерін қайта қарайды, сыбайлас жемқорлық үшін жауапкершілікті қатандату туралы жаңа заңдар мен нормаларды қабылдайды.

Қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселесі жыл сайын Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауларында жарияланып отырады. Бүгінде «сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңы жұмыс істейді. Ол азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қатерлерден Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау, жолын кесу және ашу, олардың салдарын жою және кінәлілерді жауаптылыққа тарту арқылы мемлекеттік органдардың, мемлекеттік функцияларды орындайтын лауазымды және басқа да адамдардың, сондай-ақ, оларға теңестірілген адамдардың тиімді қызметін қамтамасыз етуге бағытталған, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің негізгі қағидаттарын айқындайды. Іс жүргізу заңнамасына көптеген түзетулер енгізілді, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық үшін жауапкершілік күшейтілді. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін бұрын жұмыстан босатылған адамдар үшін мемлекеттік органдар мен ұйымдарда кез келген лауазымға орналасуға өмір бойы тыйым салынды. Кез-келген заңсыз әрекетті жасағандар барлық артықшылықтардан толығымен айырылатындығын бәрі есте ұстауы керек.

Азаматтардың санасында сыбайлас жемқорлықтың кез

келген түріне мүлдем төзбеушілікті дәріптеу керек. Ол үшін бұқаралық ақпарат құралдарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы кең ауқымды насихат жүргізіп, көрнекі өмірлік мысалдарды жариялау қажет.

Біздің мемлекетіміз сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және болдырмау бойынша мақсатты жұмыс жүргізуде. Қазақстан-сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы қабылдаған және осы мәселе бойынша халықаралық конвенцияларға қосылған ТМД мемлекеттерінің алғашқыларының бірі.

ҚР мемлекеттік саясатының басты бағыттарының бірі-сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес. Бүгінгі таңда Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске жалпы мемлекеттік мәртебе берілді, қоғамдық және саяси күштермен бірлесіп Сыбайлас жемқорлық көріністерінің жолын кесу және шектеу бойынша кең ауқымды сыбайлас жемқорлыққа қарсы компания жүргізілуде.

Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мемлекеттік саясаттың негізгі басымдықтарының бірі ретінде айқындалған. Құқық бұзушылыққа қарсы күрестің қандай аспектілері әр түрлі деңгейлерде талқыланса да, оның ауқымының міндетті белгілерінің бірі сыбайлас жемқорлық болып табылады. Қазіргі уақытта мемлекеттің ұйымдасқан қылмыс және сыбайлас жемқорлықпен күрестің басты назары экономикалық даму процесстерінің басқарылуында. Алайда сыбайлас жемқорлықпен күрестің ең басты бағыты-оның алдын алу, сонымен қатар оның себептері мен шарттарына ықпал жасауды ескерген жөн.

Сонымен қорыта келгенде, халық даналығында: «Бір қарын май бір құмалақты шірітеді» деген ұлағатты сөз бар.

Сондықтан да, өзінің қара басының қамын ойлағандардың теріс әрекеттері, бұл қоғамға кері әсерін тигізбес үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы бірлесе күрескеніміз абзал.

**Н.БӨГЕМБАЕВА,**  
Шет ауданының №2  
аудандық сотының  
маманы, сот отырысының  
хатшысы.

БИОЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ  
КӘСІБИ МАССАЖ

ТЕЛЕФОН:  
8 71031 21272 немесе 8 7082351902, 8 7789249192

БЭМ - бұл биоэнергетикалық массажер адам бойындағы биоэнергетикалық белсенді нүктелер мен меридиандарды ашып, адам ағзасындағы қан айналу системасын қалпына келтіре отырып, қанның қоюлануына, қан қысымының жоғарылауы-

на, инсульт, инфаркт, қант диабеті, онкологиялық ісіктеріне жол бермеуге бағытталған алдыңғы қатарлы, жоғарғы технологиялық аппарат.

Бұл аппараттың көмегімен алған 45 минуттық массаж, 1-1,5 сағаттық 10 рет қолмен жасаған мас-

сажды және туйна, гуаша, отпен, инемен, банка қою (комплексті) алмастырады.

Сонымен қатар, адам ағзасындағы қан айналу, лимфа, ішек құрылысы сис- темаларының қызметін токсин мен шлактардан тазартып, созылмалы бауыр, бүйрек, жүрек, химия терапия алған онкологиялық науқастардың қалпына келуіне орасан көмегі зор.

Мекен-жайы:  
Ақсу-Аюлы ауылы,  
Шортанбай жырау  
көшесі, 73.  
Телефон: 8 71031  
21272 немесе 8 708 235 19  
02, 8 778 924 91 92



Редактор Салтанат Тұяқбайқызы ЖОСАЛБАЙ

Құрылтайшысы және меншік иесі: ЖК Садуақасов М.Д. Редакция мекен-жайы: Ақсу-Аюлы, Шортанбай жырау даңғылы, 73 үй. Газет аптасына 1 рет, бейсенбі күндері шығады. Таралымы 1000 дана. Газеттің басылу сапасына "Арқо" баспаханасы жауап береді. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияда теріліп, беттелді. тел/факс: 2-11-42, 50-9-03 Эл. пошта: Shshugla@mail.ru Қарағанды қаласындағы "АРҚО" баспаханасында басылды. (Қ.Сәтбаев көшесі, 15) Тел: 8 7212 411780.

Шығыс Мұқаев, Ақадыр өңірі бойынша тілші  
тел: 8 7754474955  
Бухгалтерия тел. 79-0-81

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2019 жылы қаңтар айының 4 күні қайта тіркеуден өтіп, тіркеу туралы №17436-Г куәлігі берілген.